

# Өмірі де, өнері де өнеге

Өнер әлемінің майталманы Бақытжан Сәуекенов мерейлі 70 жаста!

Өткен аптада Меңдіқара аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінде Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, әнші, сазгер Бақытжан Сәуекеновтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Өнерім-өмірім» атты шығармашылық концертті өтті.

Концертке облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов, аудан әкімінің орынбасары Қалыбек Жұмашев, Қазақстанның Еңбек ері Сайран Бұқанов, жерлестері, замандастары, өнердегі және өмірдегі үзеңгілес достары қатысты.

Айтулы күнде сазгердің «Жүректі ән тербейді» атты ән жинағының тұсауы кесілді. Облыстық басқарманың басшысы Ерлан Қалмақов, ҚЖО мүшесі, ақын Серікбай Оспанов, еліміздің сыйлы азаматы Сайран Бұқановтар жинақтың тұсауын кесіп, ағамызды мерейтойымен құттықтады.

«Тұғырлы Тұлғалар» жобасы аясында Бақытжан Сәуекенов жайлы фильм түсіріліп, қалың жұртшылыққа ұсынылады.

лып жазылған «Меңдіқара – туған өлкем», «Даланың ару қызы», «Қазыналы – Қостанай», «Арқалығым менің» сияқты әндерін Бақытжан ағамыздың ізінен ерген жас толқын аса мақтаншпен орындап жүр.

Концерттік шара облыстық Едубай Өмірзақов атындағы филармониясының «Ақ желең» фольклорлық ансамблінің орындауындағы күймен басталып, тамаша әуезді әндермен жалғасын тапты.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов кеш иесіне Қостанай облысы әкімі Архимед Мұхамбетовтың Алғыс хатын табыс етіп,



бөленді.

Асқар тау ардақты әкелерінің жолын қуған өнерлі перзенттері де әкелерінің мерейін асқақтатып сахна төрінде өнер көрсетті. Ұлы Жанболат Сәуекенов «Қазыналы, Қостанайым» әнін шырқап, жиылған қауымның қошеметіне бөленсе, сонау Атырау елінен келген Атырау қаласындағы Дина Нұрпейісова атындағы академияның халық аспаптарының әртісі, Бақытжан ағамыздың қызы Эльмира Иманбаева да өнер көрсетіп, ел ризашылығына бөленді.

Іс-шараға арнайы ат басын бұрып келген ел ағасы, қоғам қайраткері Марат Мұстафин, ҚР құрметті азаматы, денсаулық ісінің үздігі Азамат Мақзұмов мерейтой иесін құттықтай отырып, ағамыздың адамгершілігі мен парасаттылығына да тоқталып өтті. Жанкелдин ауданының Нұрхан Ахметбеков атындағы мәдениет үйінің басшысы Гүлзат Хамзина да той иесіне ақ жарма тілегін айтып, Жанкелдин ауданы әкімінің атынан Алхыс хат табыс етті.

Мерекелік кеште танымал өнерпаздар өнер көрсетті. Айта кетсек, «Дарын» жастар сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Досымжан Таңатаров, «Қазақстан дауысы» жобасының ал-



қалыққа ұсынылды.

Өнер әлеміне Бақытжан Дәуренұлы 1966-шы аяқ басып, бүгінгі таңда халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген жан. Мектеп кезінен сырнайда ойнап, сонау кездерден бері, қазақ өнерін, қазақ әндерін насихаттап келеді. Киелі сахнада жүріп биік шыңдарды бағындырып, ел құрметіне бөленгеніне де 55 жыл толған екен. Осы күнге дейін 80-ге жуық әндер дүниеге келіп, туған елге, ауылдар мен аудандарға арналған 15-ке жуық мағынасы терең әндер жарыққа шықты.

Киелі сахнаның төрінде қазақ өнерінің дамуына өз үлесін қосып, үлкен еңбек және бойындағы өнерінің арқасында тыңдарманы мен көрерменінің жүрегінен орын алған Бақытжан ағамыз бүгінде «Әжелер» ансамблінің көркемдік жетекшісі, «Домбыра сазы» қазақ ұлттық аспаптар ансамблінің мүшесі, кішіге үлгі болар ардақты аға, салиқалы ұрпақ тәрбиелеген асыл әке. Жары Қуаныш Торғайқызымен ұл мен қызды тәрбиелеп өсіріп, бүгінде немере-шөберенің қызығын қызықтаған ардақты жандар.

Белгілі сазгердің жүрегінен шыққан туындылары бүгінде халыққа етене жақын. Туған жеріне арналған «Туған жер – Торғайым», Меңдіқара ауданының 70 жылдығына арна-



сазгер ағамызға ақ тілегін жеткізді.

Аудан әкімінің орынбасары Қалыбек Жұмашев аудан әкімінің атынан сөз сөйлеп, мерейтой иесіне алдағы уақытта «Меңдіқара ауданының

құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсыныстың мақұлданып жатқандығын айтып өтті.

Бұл күнде халықтың тума таланты, жетпіске аяқ басқан ағамыздың өнерге қосқан үлесі, талай

жыл толассыз еткен еңбегі бағаланып жатты. Сазгердің шығармасы мен өнеріне жақындарымен қатар, сүйіп тыңдайтын халқы қолдап, қошеметтеп отырды.

55 жыл киелі өнер сах-

насында тыңдарманы мен көрерменнің жүрегінен орын ала білген мәдениет қызметкері Бақытжан Сәуекеновтың өнердегі інілері, өнеге көрсете білген ағаларының туындыларын орындап ел ықыласына

дауысы» жобасының алғашқы жеңімпазы Шаһаризат Сейдахмет халыққа керемет көңіл сыйлап, ел қошеметіне бөленді.

Кеш иесі де сахнаның төрінде, өнерін құрметтеп келген барша өнер сүйер қауымға шексіз алғысын білдірді.

-Қуанышымды бөлісіп, өнерімді бағалап келген халқыма, өнер көрсеткен өнерпаздарға, облыстық мәдениет басқармасына, облыстық Халықтар шығармашылығы орталығына, аудан әкімдігіне, мәдениет бөліміне шексіз ризашылығымды білдіремін. «Жүректі ән тербейді» кітап жинағымның жарыққа шығуына үлес қосқан өнердегі, өмірдегі інілеріме алғыс айтамын. Алдағы уақытта 70 жылдық мерей тойыма арналған шығармашылық кеш Қостанай қаласында өткізіледі деген жоспарымыз бар, - деді мерейтой иесі.

Біз де өз атымыздан Меңдіқара елін өнерімен қуантып, өскелең ұрпаққа үлгі болған, қазақ өнерін бағалай білген, тамаша шығармаларын еліне сыйлаған, нағыз өнер майталманына айналған ағамызды мерей - тойымен құттықтаймыз. Алдағы күнге шығармашылық табыс, мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

**Тұрсынай  
МҰХТАРҚЫЗЫ**